

ISSN 2224-5294

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Л А Р Ы

ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ
ҒЫЛЫМДАР СЕРИЯСЫ



СЕРИЯ ОБЩЕСТВЕННЫХ
И ГУМАНИТАРНЫХ НАУК



SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

1 (299)

ҚАҢТАР – АҚПАН 2015 ж.
ЯНВАРЬ – ФЕВРАЛЬ 2015 г.
JANUARY – FEBRUARY 2015

1962 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР АЙЫНАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 1962 ГОДА
PUBLISHED SINCE JANUARY 1962

ЖЫЛЫНА 6 РЕТ ШЫҒАДЫ
ВЫХОДИТ 6 РАЗ В ГОД
PUBLISHED 6 TIMES A YEAR

АЛМАТЫ, ҚР ҰҒА
АЛМАТЫ, НАН РК
ALMATY, NAS RK

Б а с р е д а к т о р

ҚР ҰҒА академигі

Пралиев С. Ж.

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Баймұратов У.Б.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байпақов К.М.**; филос. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Есім Г.Е.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қирабаев С.С.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қошанов А.К.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нәрибаев К.Н.** (бас редактордың орынбасары); филос. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нысанбаев А.Н.**; заң ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сабикенов С.Н.**; заң ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сулейменов М.К.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сатубалдин С.С.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбжанов Х.М.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбусейтова М.Х.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Байтанаев Б.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Жақып Б.А.**; фил. ғ. докторы, проф., чл.-корр. НАН РК **Қалижанов У.К.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қамзабекұлы Д.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қожамжарова Д.П.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қойгелдиев М.К.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Құрманбайұлы Ш.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Таймағанбетов Ж.К.**; социол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Шәукенова З.К.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА құрметті мүшесі **Дербісәлі А.**

Р е д а к ц и я к ең с е с і:

Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Белостечник Г.** (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА академигі **Велиханлы Н.** (Азербайджан); Тәжікстан ҰҒА академигі **Назаров Т.Н.** (Тәжікстан); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Рошка А.** (Молдова); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Руснак Г.** (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі **Муратов Ш.** (Әзірбайжан); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі **Сафарова З.** (Әзірбайжан); э. ғ. д., проф. **Василенко В.Н.** (Украина); заң ғ. докт., проф. **Устищенко В.А.** (Украина)

Главный редактор

академик НАН РК
С. Ж. Пралиев

Редакционная коллегия:

докт. экон. н., проф., академик НАН РК **У.Б. Баймуратов**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **К.М. Байпаков**; докт. филос. н., проф., академик НАН РК **Г.Е. Есим**; докт. фил. н., проф., академик НАН РК **С.С. Кирабаев**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **А.К. Кошанов**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **К.Н. Нармбаев** (заместитель главного редактора); докт. филос. н., проф., академик НАН РК **А.Н. Нысанбаев**; докт. юр. н., проф., академик НАН РК **С.Н. Сабикенов**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **С.С. Сатубалдин**; докт. юр. н., проф., академик НАН РК **М.К. Сулейменов**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Х.М. Абжанов**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **М.Х. Абусейтова**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Байтанаев**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Жакып**; докт. фиол. н., проф., чл.-корр. НАН РК **У.К. Калижанов**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Д. Камзабекулы**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Д.П. Кожамжарова**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **М.К. Койгельдиев**; докт. фил. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Ш. Курманбайулы**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Ж.К. Таймаганбетов**; докт. социол. н., проф., чл.-корр. НАН РК **З.К. Шаукенова**; д. фил. н., проф., Почетный член НАН РК **А. Дербисали**

Редакционный совет

академик НАН Республики Молдова **Г. Белостечник** (Молдова); академик НАН Азербайджанской Республики **Н. Велиханлы** (Азербайджан); академик НАН Республики Таджикистан **Т.Н. Назаров** (Таджикистан); академик НАН Республики Молдова **А. Рошка** (Молдова); академик НАН Республики Молдова **Г. Руснак** (Молдова); чл.-корр. НАН Азербайджанской Республики **Ш. Мурадов** (Азербайджан), член-корр. НАН Азербайджанской Республики **З.Сафарова** (Азербайджан); д. э. н., проф. **В.Н. Василенко** (Украина); д.ю.н., проф. **В.А. Устименко** (Украина)

Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. Серия общественных и гуманитарных наук. ISSN 2224-5294

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан № 10894-Ж, выданное 30.04.2010 г.

Периодичность 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18,
www:nauka-nanrk.kz / social-human.kz

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2015 г.

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

Editor in chief

S.Zh. Praliyev,
academician of NAS RK

Editorial board:

U.B. Baymuratov, dr. econ. sc, prof., academician of NAS RK; **K.M. Baipakov**, dr. hist. sc., prof., academician of NAS RK; **G.Ye. Esim**, dr. philos. sc., prof., academician of NAS RK; **S.S. Kirabayev**, dr. phil. sc., prof., academician of NAS RK; **A.K. Koshanov**, dr. econ. sc, prof., academician of NAS RK; **K.N. Naribayev**, dr. econ. sc., prof., academician of NAS RK (deputy editor-in-chief); **A.N. Nysanbayev**, dr. philos. sc., prof., academician of NAS RK; **S.N. Sabikenov**, dr. jur. sc., prof., academician of NAS RK; **M.K. Suleimenov**, dr. jur. sc., prof., academician of NAS RK; **S.S. Satubaldin**, dr. econ. sc., prof., academician of NAS RK; **Kh.M. Abzhanov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.Kh. Abusseitov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.A. Baitanayev**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.A. Zhakyp**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **U.K. Kalizhanov**, dr. phil. sc., prof., corr. member of NAS RK; **D. Kamzabekuly**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **D.P. Kozhamzharova**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.K. Koigeldiev**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Sh. Kurmanbaiuly**, dr. phil. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Zh.K. Taymaganbetov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Z.K. Shaukenova**, dr. soc. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A. Derbisali**, dr. phil. sc., prof., honorary member of NAS RK

Editorial staff:

G. Belostechnik, NAS Moldova academician (Moldova); **N. Velichanly**, NAS Azerbaijan academician (Azerbaijan); **T.N. Nazarov**, NAS Tajikistan academician (Tajikistan); **A. Roshka**, NAS Moldova academician (Moldova); **G. Rusnak**, NAS Moldova academician (Moldova); **Sh. Muradov**, NAS Azerbaijan corr. member (Azerbaijan); **Z. Safarova**, NAS Azerbaijan corr. member (Azerbaijan); **V.N. Vasilenko**, dr. econ. sc., prof. (Ukraine); **V.A. Ustimenko**, dr. jurid. sc., prof. (Ukraine)

News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Social and Humanities.
ISSN 2224-5294

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of information and archives of the Ministry of culture and information of the Republic of Kazakhstan N **10894-Ж**, issued 30.04.2010

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,

www.nauka-nanrk.kz / social-human.kz

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2015

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 325 – 329

**THE FORMATION OF DERIVATIVE TOPONYMS
BY USING ZERO AFFIXATION****A. Kabdylkyzy, Z. Bугыбайкызы**Kazakh National Pedagogika university named after Abai
anaromar@list.ru, tzhan7@mail.ru

Key words: Kazakh language, toponyms, zero morpheme, zero affixation, word formation, semantic derivation method, lexico-semantic method.

Annotation: The article deals with the active participation of zero morpheme in toponym formation. There described results of the study of language material, where the zero morpheme being a linguistic unit semantic derivation method forms the name of rivers and locations.

УДК: 811.512.122'373.21

**ТУЫНДЫ ТОПОНИМДЕРДІҢ НӨЛДІК
ЖҰРНАҚ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛУЫ****А. Қабдылқызы, Ж.Бұғыбаева**anaromar@list.ru, tzhan7@mail.ru*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университет, Қазақстан, Алматы,*

Тірек сөздер: қазақ тілі, топоним, нөлдік жұрнақ, нөлдік морфема, нөлдік форма, сөзжасам, сөзжасамдық мағына тәсілі, лексика-семантикалық тәсіл.

Тұжырым: Мақалада қазақ тіліндегі нөлдік морфеманың топонимдер жасауға белсене қатысатыны туралы айтылады. Нөлдік морфема сөзжасамдық мағына тәсілінің тілдік бірлігі ретінде жер-су аттарының жасалуына қатысатындығы тілдік деректермен дәлелденеді.

Қазақ тіл білімінде нөлдік жұрнақ - **ө**, нөлдікморфема - **ө**, нөлдікформа - **ө** мәселесі арнайы зерттелген. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесіне ол жат құбылыс емес. Ол – тілде бар құбылыс. Нөлдік тұлға танылғанға дейін ол «транспозиция», «субстантивизация», «адъективация», «прономинализация», «конверсия», «адвербаллизация», көбінесе лексика-семантикалық тәсіл деп аталып келді.

Нөлдік жұрнақ арқылы жасалған туынды топонимдер туралы айтпас бұрын, ең алдымен сөзжасамдық нөлдік жұрнақ туралы мәлімет бере кетейік. Сөзжасамдық нөлдік жұрнақ деп - туынды сөзді дыбыстық құрамсыз жасайтын тілдік бірлік аталады. Мысалы, *ақ* (түс), *ақ* (сүт); *қорған* (зат есім), *қорған* (етістік); *буын* (дене мүшесі – зат есім), *буын* (лингвистикалық термин – зат есім), *буын* (етістік); *Өсек* (өзен атауы – зат есім), *өсек* (зат есім – жалған ақпарат).

Бұл сөздер қазақ тілінде лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалатын туынды сөздерге жатқызылып жүр. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесіне арналған 2014 жылы шыққан оқулықта, авторлары - Н.Оралбай, К.Құрманәлиев, Ж.Балтабаева «Қазақ тілі сөзжасамы» оқулығында оны сөзжасамдық мағына тәсілі терминімен берген. «Бұл сөзжасамдық тәсіл де ғылымда танылған, тек ол - түрлі тілдерде түрліше аталып жүрген сөзжасамдық тәсілдердің бірі. *Сөзжасамдық мағына тәсілі* деп - тілде қолданыста бар сөздердің ешбір сөзжасамдық бірліктің көмегінсіз-ақ басқа мағынаға ие болып, екі я үш сөздің қызметін атқаруы аталады. Мысалы, *өткір сөз* (өткір пышақ), *қызыл тіл* (қызыл көйлек), *орақ тіл* (орақ – зат), *қосу әдісі* (қосу –етістік), *буын* – термин (буын –

сустав), алу – термин (алу – етістік), суық хабар (суық күн), ыстық дем (ыстық күн), туысқан адам (туысқан – етістік), жыртыс - зат есім (жыртыс – етістік), ақ (ақ түс), асу – зат есім (асу – етістік) т.б.» деген пікір бар [1,64].

Қазақ тіл білімінде жаңа сөздің еш қосымшасыз жасалуын ғалымдар түрлі терминдермен атап келді. Мысалы, С.Исаев лексикалық, конверсиялық тәсіл, А.Ысқақов морфологиялық-синтаксистік, яғни синтаксистік-морфологиялық тәсіл, Қ. Есенов лексико-семантикалық тәсіл, А.Омарова нөлдік жұрнақ тәсілі деп атаған.

«Қазақ тілі сөзжасамы» оқулығында: «Сөзжасамдық тәсілдің бұл түрінің терминін орнықтыру мақсаты көзделіп, тәсілдің негізгі мәселесі ешбір тілдік бірліксіз жаңа мағынасының жасалуы болғандықтан, бұл сөзжасамдық тәсіл мағына тәсілі аталды» делінген [1,37].

Сонымен қатар мағына тәсілінің ішкі ерекшелігі бар. Сөздің жаңа мағынаға ауысуына байланысты басқа сөз табына көшуі және сөз жаңа мағынаға ауысса да, сөз табын өзгертпей, өз сөз табының құрамында қалуы.

Өр сөзжасамдық тәсілді жасаушы тілдік бірлік болады. Сөзжасамдық мағына тәсілін жасаушы тілдік бірлік – нөлдік жұрнақ. Себебі, мағына тәсілі арқылы сөздің жаңа мағынаға көшуіне байланысты сөз бір сөз табынан екінші сөз табына ауысады, оны ғылымда конверсия деп атайды.

Сөзжасамдық мағына тәсілінің тілдік бірлігі нөлдік жұрнақ қазақ тілінің сөзжасам жүйесінен белгілі орын алады. Ол өте ерте заманнан бері тілде қызмет атқарып келеді. Сөзжасамдық нөлдік жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздер түрлі сөз таптарының сөзжасамынан орын алып, оларды жаңа сөздермен толығына қызмет етіп келеді. Олар: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, одағайда кездеседі.

«Сөзжасамдық нөлдік жұрнақ деп – сыртқы дыбыстық құрамы жоқ, бірақ мағына жасайтын тілдік бірлік» аталады [2, 6].

Нөлдік жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздердің өзіне тән белгілері болады: 1) нөлдік жұрнақтың дыбыстық құрамнан тұратын дыбыстық бейнесі жоқ; 2) мағынасы бар; 3) туынды сөздерге қатысты заңдылықтың бірі – уәждеме сөз бен одан жасалған туынды сөздің мағыналық байланысы; 4) омонимдік қасиеті; 5) нөлдік жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздің басқа сөз табына көшуі, көшпесе басқа мағыналық топқа ауысуы; 6) нөлдік жұрнақпен жасалған туынды сөздің түрлену жүйесі, грамматикалық сипаты; 7) тілдегі қосымшалы сөзжасам типтерімен жасалған туынды сөздердің қатарына қосылып, түбірлес туынды сөздер тобын толықтыруы; 8) сөзжасамды уәждеме сөз бен уәждемелі сөз салыстырылып, уәждемелі яғни туынды сөздің құрамы, мағынасы жағынан уәждеме сөзден күрделі екені оның бір белгісі ретінде танылған.

Міне, осы аталған тілдегі сөзжасамдық құбылыс, яғни мағына тәсілі арқылы жаңа сөздің жасалуы жер-су аттарының жасалуында да қызмет атқарады. Біз оны - **топонимжасамдық мағына тәсілі** деп атадық. Тілімізге туынды сөздерді қосатын негізгі тәсілдердің бірі саналатын – сөзжасамдық мағына тәсілі жер-су аттарын жасауда да белсенді қызмет атқарады.

Топонимдердің мағына тәсілі арқылы жасалуында жоғарыда аталған сөздің жаңа мағынаға көшуіне байланысты сөз бір сөз табынан екінші сөз табына ауысатын ерекшеліктері сөздің жаңа мағынаға ауысуына байланысты басқа сөз табына көшуі және сөз жаңа мағынаға ауысса да, сөз табын өзгертпей, өз сөз табының құрамында қалуы сақталады. Тіліміздегі жер-су атауларында зат есім негізді, етістік негізді, сын есім негізді, сан есім негізді топонимдер көптеп кездеседі. Мысалы, *Тентек, Жем, Діңгек, Шұрық, Жалаңаш, Тесік, Қорған* және т.б.

Бұлар сөздің бұрынғы мағыналарының үстіне кейін қосылған мағыналар. Топонимдік атаулардың көпшілігі мағына тәсілі арқылы жасалғанда бірінші туынды мағынадан жасалған екінші туынды мағыналы сөздер болып табылады. Мысалы, сөздің жаңа мағына алуына байланысты ол басқа сөз табына тілдік бірліктің көмегімен немесе тілдік бірліктің көмегінен дыбыстық құрамын сақтай отырып, мағынасы өзгеріп, басқа сөз табына көшеді. Сол басқа сөз табына көшкен туынды сөздер енді атау мағынасына ие болады.

Самай (ауыл), *Ермек* (ауыл), *Шалқар*, *Нұра* (ауыл), *Нұра* (өзен), *Тәуіп* (селолық округ), *Дөң* (селолық округ), *Қона* (селолық округ орталығы), *Октябрь* (қыстау атауы), *Оңғар* (елді мекен), *Ор* (өзен), *Шот* (өзен), *Бірлік* (елді мекен), *Ынтымақ* (елді мекен), *Еркін* (ауыл), *Достық* (елді мекен), *Шынар* (көл), *Тұлпар* (станция), *Қармақшы* (елді мекен), *Арал* (қала), *Арал* (теңіз), *Абай* (аудан), *Абай* (елді мекен),

Мысалда берілген мағына тәсілімен жасалған атаулардың барлығы жоғарыда көрсетілген нөлдік жұрнақтың 8 түрлі белгісіне сәйкес келеді.

1) Нөлдік жұрнақтың дыбыстық құрамнан тұратын дыбыстық бейнесінің болмауы – *Самай* (дене мүшесі), *Самай* (ауылдың аты), т.б. – дыбыстық құрамы бірдей, өзгеріс жоқ,

2) мағынасы бар – *Самай шашы*. *Самайға кеше келді*.

3) уәждеме сөз бен одан жасалған туынды сөздің мағыналық байланысы болуы – метафоралық қолданыс.

4) омонимдік қасиет – *Самай* – *Самай* дыбысталуы бірдей, мағыналары әр түрлі.

5) нөлдік жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздің басқа сөз табына көшуі, көшпесе басқа мағыналық топқа ауысуы – *қармақшы* (мамандық атауы), *Қармақшы* – елді мекен атауы.

6) нөлдік жұрнақпен жасалған туынды сөздің түрлену жүйесі, грамматикалық сипаты – *Дөңге шықтық* – жер бедері, *Дөңге* келдік. Бір сөз табының (заг есім) құрамында болғандықтан грамматикалық түрленулері бірдей.

7) тілдегі қосымшалы сөзжасам типтерімен жасалған туынды сөздердің қатарына қосылып, түбірлес туынды сөздер тобын толықтыруы – *Дөң*, *дөңес*, *дөңгелек*, т.б.

8) туынды сөздің құрамы, мағынасы жағынан уәждеме сөзден күрделі – *Шот*, *Тұлпар*, *Октябрь*, *Калинин* – алғашқы уәждеме мағыналары құрал, жылқының қасиеті, ай атауы, кісі аты – туынды мағыналары топонимдік мағыналар.

Нөлдік жұрнақ арқылы жасалған туынды атаулардың уәждемелік құрамы сөзжасамдық уәждеме теориясы негізінде айқындалады. Сөзжасамда уәждемелік негізгі орын алады. Сөзжасамдық уәждеме теориясының маңыздылығы туралы В.Г.Головин мына мәселелерді айтады:

- уәждемелік сөзжасамның өте маңызды мәселесі;
- уәждемелік теориясын зерттеу сөзжасамның дамуына түбегейлі өзгеріс әкелді;
- уәждемелік теориясы сөзжасамдық заңдылықтарды ашуға ықпал жасады;
- уәждемелік теориясы тілдің сөзжасам жүйесін тануға әсер етті, және т.б. [3,62].

Осы аталған мәселелер топонимжасамдағы нөлдік жұрнақтың уәждемеге қатысын тануда қажет деп ойлаймыз.

Сондықтан, алдымен уәждемелік теориясын белгілеп алуымыз керек. Себебі, уәждемелік мәселесінде туынды сөздің мағынасының жасалуына сөздің мағынасы негіз болады. Ең жоқ дегенде жаңа сөзде оның мағыналық белгісі көрініс табады. Уәждеме мен туынды сөздің мағыналық байланысы бірде күшті, бірде әлсіз болуы мүмкін. Бірақ уәждеменің мағынасының ізі одан жасалған атауларда байқалады. Егер топоним жасалуында тарихи туынды сөз болса, олардың уәждемелері қолданыстан шығып қалса, олардың уәждемелік байланыстары үзіледі де, олар туынды атаулар ретінде танылмауы да мүмкін. Мысалы, *Шәңке* – Ойыл-Шұбарқұдық тас жолы бойындағы қыстақ, егістік дала қосы. Монғол тілінде бастау, бұлақ мағынасын білдіреді. Қазіргі тілімізде оның уәждемелік құрамын ажырату мүмкін емес [4,110].

Белгілі ғалым Н.Оралбай туынды сөздің мағынасының жасалуына негіз сөз я уәждеменің мағынасы арқау болады, яғни туынды сөздің мағынасы уәждеме сөздің мағынасына сүйене, негізделе жасалады дей отыра, бұл жағдай уәждеме сөздің мағынасы мен туынды сөздің мағынасының байланысын туғызады деген [5,40].

Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұя мәселесін зерттеген ғалым К.Құрманәлиев: «Туынды түбірдің келесі белгісі – оның мағынасының уәждеме сөзбен байланыстылығы. Қай туынды түбірді алсақ та, оның мағынасы негіз сөздің, яғни уәждеменің мағынасымен байланысты болады. Біз зерттеу нысанымызбен байланысты алғанда, ол әр сөзжасамдық ұяның құрамындағы туынды түбірлердің іштей мағыналық байланысынан көрінеді» дейді [6,30].

Қасым Балқия сөзжасамның уәждемесі жайында тың пікірлер айтып, қазақ тілінің сөзжасам уәждемесі мен сөзжасамдық мағына, туынды бірліктердің уәждеме негіздері, күрделі сөздердің сыңарларының уәждену және тағы да басқадай уәждеме теориясының лингвистикалық негіздерін ғылыми саралап берген [7].

Нөлдік жұрнақ арқылы жасалған топонимдік атауларға келетін болсақ, мағына тәсілінің нөлдік жұрнақ арқылы жасалуына уәждеме қызметінде негізгі түбір сөздердің қолданылатынын байқады. Мысалы, *ор*, *ермек*, *дөң*, *шот*, *арал*, *тентек*, *тұлпар*, *октябрь*, *өсек және т.б.*

Сонымен қатар, туынды түбір сөздерде топонимдік атауларға уәждеме болады. Олардың туынды мағыналары дыбыстық өзгеріссіз, яғни нөлдік тұлғада тұрып, топонимдік атау жасайды. Мысалы, қармақшы, *достық, бірлік, кеңшілік, бесінші* және т.б. туынды сөздер *Қармақшы, Достық, Бірлік, Кеңшілік, Бесінші* жер-су атауларының жасалуына уәждеме болып тұр. Сонда топонимдердің нөлдік жұрнақ арқылы жасалуында туынды сөздерде уәждеме болады.

Нөлдік жұрнақ арқылы жасалатын топонимдерге уәждеме болатын сөз таптары – зат есім, сын есім, сан есім, етістік, үстеулер.

Тілдік таңба теориясы негізінде дәлелденге нөлдік жұрнақтың сөзжасамдық қызметін біз топонимжасамда да байқадық. Өйткені тілдік таңба теориясы бойынша мағына бар жерде тілдік бірлік болуы керек. Онсыз жаңа сөз, атау жасалынбайды. Демек, мағына тәсілі арқылы сөздің, атаудың мағынасы өзгерсе, оны жасаушы тілдік бірлік бар. Бұл мәселе ғылыми тұрғыда шешімін тапты деп санаймыз. Өйткені ол қазақ тілінің академиялық грамматикасы мен сөзжасам, морфология оқулықтарына кірді. Мағына тәсілі арқылы жаңа атаудың жасалуын тануда екі теорияны неізге алуымыз керек:

- 1) уәждемелік теориясы
- 2) аталым теориясы.

Нөлдік жұрнақтың сөзжасамда бүкіл дүниежүзінде танылуы лексика-семантикалық тәсілге басқаша қарауды талап етеді. Себебі, лексика-семантикалық тәсілдің соңғы уақытқа дейін сөз мағынасын өзгертетін тілдік бірлігі аталмай келген еді. Осымен байланысты сөзжасамдағы Н.Оралбай, К.Құрманәлиев, Ж.Балтабаева кіргізген мағына тәсілінің тілдік бірлігі – нөлдік жұрнақ олып танылды. Сонда сөзжасамдық мағына тәсілі бойынша жасалған туынды сөздер, аталымдар мына үлгі бойынша жасалған деп танылуы керек:

уәждеме сөз + нөлдік жұрнақ. Мысалы, *өсек* (зат есім – жалған ақпарат) - *Өсек* (өзен атауы – зат есім). *Тентек* (сын есім) – *Тентек* (өзен аты), *жем* (туынды зат есім) – *Жем* (топонимдік атау), *дiңгек* (ағаш, зат есім), - *Дiңгек* (ауыл аты), *жалаңаш* (туынды үстеу) - *Жалаңаш* (елді мекен аты), *тесік* (туынды зат есім) - *Тесік* (топонимдік атау), *қорған* (есімше тұлғалы етістік) – *Қорған* (топонимдік атау) және т.б.

Міне, топонимжасамдық жұрнақтың бір түрі – нөлдік жұрнақтың аталым жасауға қатысы осылай сөзжасам теориясы негізінде түсіндірілгенде ғана топонимжасам теориясын ашады.

Келесі мәселе – нөлдік жұрнақ арқылы топонимжасамға қатысатын сөздердің құрамын анықтау. Топонимдық уәждеме сөз қызметінде негізгі түбір сөздердің қолданылатыны және олардың өнімділігін сөзжасам мәселесімен айналысқан барлық ғалымдар (А.Ысқақов, А.Қалыбаева, Н.Оралбай, Е.Жанпейісов, Ә.Төлеуов, Б.Қасым, А.Сақынбай, К. Құрманәлиев, Б.Есімсейітов, Н.Қоқышева) еңбектерінен кездестіруге болады. Ол - нөлдік жұрнақтың сөзжасамына да қатысты пікірлер.

Нөлдік жұрнақтар негізгі түбір сөздерден, яғни негізгі түбір уәждемелерден туынды сөз - топоним жасайды. Ондай жер-су атаулары тілімізде көптеп кездеседі. Мысалы, *Найза, Боран, Бұршақ, Дауыл, Тентек, Өсек, Самал, Еркін, Ор, Бәйге, Қона, Айдар және т.б.* Демек, негізгі түбір топоним жасамда белгілі қызмет атқарады.

Туынды сөздер де нөлдік жұрнақтың қатысуымен мағына тәсілінде топонимдік атаулардың жасалуына уәждеме сөз қызметін атқарады. Яғни нөлдік жұрнақ арқылы туынды уәждеме сөздерден туынды топонимдік атаулар жасалады. Мысалы, *Жем, Достық, Кеңшілік, Бірлік, Тесік*, т.б. Бұл мағына тәсіліндегі нөлдік жұрнақтың өте өнімді қолданысы деп айтуға болады. Туынды сөздер, туынды аталымдар ішінде ол туынды түбілерге қатысты айтылып отыр.

Туынды түбір зат есім, сын есім, сан есім уәждемеден нөлдік жұрнақ арқылы жасалған топонимдер - *Балықшы, Бидайық, Қармақшы, Бірлік, Қазық, Егінші, Егіншілік, Егіндік, Түндік, Өндіріс, Үміткер, Ұйытқыма, Опырылмалы*, т.б.

Етістіктің болымсыз формасындағы уәждемеден нөлдік жұрнақ арқылы жасалған туынды топонимдер – *Бұқпа, Қойсоймас, Ұшпа, Желтимес, Күнтимес, Құланөтпес, Ұйытқыма* т.б.

Ғылымда нөлдік жұрнақ арқылы жаңа сөздің жасалуы әбден танылған мәселе болғандықтан, оның топонимдік жасамға да қатыстылығын тілдік деректер дәлелдеп отыр. Нөлдік жұрнақ - сөзжасамдық тәсілдің мағына тәсілі түрінің тілдік бірлігі. Ол ғылымда дәлелденді. Аталған

терминді ғылыми айналымға еңгізген сөзжасам ілімінің негізін қалаушылардың бірі, белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Нұржамал Оралбай.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Оралбай Н., Құрманәлиев К., Балтабаева Ж. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы: «Инжу-Маржан» баспаханасы, 2014. – 290 б.
- [2] Омарова А. Туынды сөздің нөлдік жұрнақ арқылы жасалуы. – Алматы, М.Тынышпаев ат.ҚазККА, 2003, - 45 бет.
- [3] Головин В.Г. Очерки по русской морфемике и словообразованию. – Воронеж. 1990, - 156 стр.
- [4] Ақтөбе облысы бойынша жер-су атауларының пайда болу тарихы және олардың аталу ерекшеліктері // Ономастикалық Хабаршы, №1. – 2011. 107-127 бб.
- [5] Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, 2002. – 199 б.
- [6] Құрманәлиев К. Сөзжасамдық ұяның парадигмалық қатыстағы бірлігі мен сатылары. – Алматы, 1998. – 74 б.
- [7] Қасым Б. Қазіргі қазақ тілінің теориялық және қолданбалы аспектілері / Ғылыми мақалалар. – Алматы: (ЖК Волкова А.В.) баспасы, 2010. – 371 б.

REFERENCES

- [1] Oralbay N., Kurmanaliyev K., Baltabayeva Zh. Kazak tilinin sozzhasamy – Almaty: publishing house «Inzhu-Marzhan», 2014. – 290 p.
- [2] Omarova A. Tuyndy sozdin noldik zhurnak arkyly zhasaluy. – Almaty, KazKKA named after M.Tynyshbayev, 2003. – 156 p.
- [3] Golovin V.G. Oчерki po russkoi morfemike I slovoobrazovaniu. – Voronezh.- 1990. – 156 p.
- [4] Aktobe oblysynyn boinsha zhar-su ataularynyn paida bolu tarihy jane olardyn atalu ereksheleikteri // Onomastikalyyk habarshy, , №1. – 2011. 107-127 pp.
- [5] Oralbay N. Kazak tilinin sozzhasamy. - Almaty, 2002. – 199 p.
- [6] Kurmanaliyev K. Sozzhasamdyk uyanyн paradigmalyyk katystagy birlygi men satylary. – Almaty, 1998. – 74 p.
- [7] Kasym B. Kazirgi kazak tilinin teoriyalyyk zhane koldanbaly aspektileri / Scientific article. – Almaty: publishing house «Volkova A.V. », 2010. – 371 p.

Образование производных топонимов с помощью нулевого аффикса А.Кабдылқызы, Ж. Бугыбаева

Ключевые слова: казахский язык, топоним, нулевая морфема, нулевая форма, нулевой аффикс, словообразования, семантический способ словообразования, лексика-семантический способ.

Анотация: В статье рассматривается об активном участии нулевой морфемы в образовании топонимов. Описаны результаты исследования языкового материала, где нулевая морфема являясь языковой единицей семантического способа словообразования образует наименования рек и местностей.

A. Kabylykyzy

Doctor of philological sciences, docent of KazNPU named after Abai
anaromar@list.ru

Zhanna Bubybaikyzy

PhD student of KazNPU named after Abai
tzhan7@mail.ru

Поступила 05.02.2015 г.

МАЗМҰНЫ

ТАРИХТЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

| | |
|---|----|
| <i>Әбсаттар қажы Дербісәлі. Марокко мен Испаниядағы жәдігерліктеріміз.....</i> | 5 |
| <i>Камалов А.К. Советтік Азияға миссия: АҚШ-тың вице-президенті Генри Уоллестін Сібірде, Өзбекістанда және Қазақстанда (1944 ж.).....</i> | 17 |
| <i>Кәрімова Р.О. Шығыс Түркістанда маталарды өндіру: дәстүр сабақтастығы.....</i> | 22 |
| <i>Сүгірәлинов М.М. Ауғаныстан Хазарейлері.....</i> | 28 |

ШЫҒЫС ДЕРЕКТАНУ

| | |
|--|----|
| <i>Сағындықова Н.Ж. Ахмед Йүгнеки (Югнеки).....</i> | 38 |
| <i>Тохтабаева Ш.Ж. Көне заманның шығармашылық демі.....</i> | 47 |
| <i>Батырхан Б.Ш., Тоқтарбекова Л.Н. Фирдаусидің «шаһнама» дастанындағы даналық ойлар.....</i> | 56 |
| <i>Ошан Ж. Көне тарихи жәдігерден қалған жалғыз парак.....</i> | 60 |
| <i>Қамбарбекова Ф.Ә. «Иншай Тахир Вахид» – Қазақстан және Орталық Азия тарихын зерттеудегі дереккөз ретінде.....</i> | 67 |
| <i>Молотова Э.М. Бурхан Киличе ад-дин туралы тарихи шығармалардан ақпарлар.....</i> | 76 |
| <i>Каримова З.К. XVIII ғасырдағы қазақ-жоңғар байланыстары Молла Абд әл-Әлімдің «Ислам-наме» дереккөзінде.....</i> | 79 |

ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ

| | |
|--|-----|
| <i>Молотова Г.М. Уйғыр фольклорына үнді-араб-иран-түрік қарым-қатынасы.....</i> | 85 |
| <i>Юсупов Р. XX ғасырдың басындағы Шығыс Түркістандың әдеби жағдайы.....</i> | 90 |
| <i>Дюсенов Б.Д. ««Китаб ад-Дурра...» сөздігіндегі адамға қатысты сөздердің этнолингвистикалық сипаты».....</i> | 94 |
| <i>Масимова Х.В. Жазба ескерткіштердегі етістіктің Рай және Егіс, Жақ-сан категориялары.....</i> | 99 |
| <i>Баратова Ш.Б. Қазіргі қазақ және ұйғыр поэзиясында қара өлең ұйқасы және шалыс ұйқастың даму ерекшеліктері.....</i> | 106 |

ҚАЗІРГІ ШЫҒЫСТАНУ ОЙЫ

| | |
|---|-----|
| <i>Джалилов З.Г. Хариджизм: радикалды исламның генезистік тарих дамуында.....</i> | 111 |
| <i>Мансурова А.С. Діни толеранттылық және діни диалог ара шарттар глобалдық нақтылықта.....</i> | 117 |
| <i>Байдаров Е.Ұ. Қазақстан қоғамының этноәлеуметтік және этноконфессионалды тұрғысындағы өзбек этникалық тобының орны.....</i> | 123 |
| <i>Дүйсен Ф.М. Орталық Азия және Үндістанның туризм мен рекреация саласындағы ынтымақтастығының болашағы: жағдайлары және ресурстары.....</i> | 135 |
| <i>Шаймарданова Н.Ж. Келіспеушілік пен қарама-қайшылық контекстіндегі жапон-корей қарым-қатынастарының тарихы.....</i> | 142 |
| <i>Руденко Е.И. Жаһандық оңтүстік азиялық шетжұрт: қалыптастыруы, сыныптамасы, маңыздылығы.....</i> | 147 |
| <i>Хаджиева Г.У. Дамушы мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық жаңаруын зерттеудің теориялық аспектілері.....</i> | 155 |
| <i>Мадалиева Ж.К. Мифология мәдениеттің тарихи серпінділігінде.....</i> | 162 |

ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

| | |
|---|-----|
| <i>Муратбекова А.М. Қытай–Үндістан қарым-қатынастарындағы территориялық шиеленістер.....</i> | 169 |
| <i>Қоңырбай Ә.Р. Жаңа Жібек Жолының қалыптасуы: экономикалық потенциал мен Қазақстан үшін перспективалар.....</i> | 176 |
| <i>Бәтенова А.Ж. Саяси жаңару саясаты жүргізілген Жапония (1797–1900 жж.).....</i> | 186 |
| <i>Мукатова Ә. Сәйкестік зерттеу тұжырымдамасына шыққан көзқарас: тарихнама аспекті.....</i> | 192 |
| <i>Әубәкір А. Көне түрік ғұрыптық кешендері этносемантикасының кейбір қырлары.....</i> | 196 |

* * *

| | |
|---|-----|
| <i>Сапарбаев Б.А., Көкенова А.Т., Әбілкасым А.Б. Инновациялық іс-әрекетті мемлекеттік қолдау – ғаламдастыру жағдайында ұлттық экономиканың тиімділігін арттыру факторы ретінде.....</i> | 203 |
| <i>Әбіқаева М. Қазақстан Республикасында энергетика келешегінің дамуы мен қуат үнемдеу әлеуеті.....</i> | 207 |
| <i>Алауханов Е.О. Отандық қылмысты зерттеулерінің дамыту жолдары. Жетістіктері және мәселелері.....</i> | 211 |
| <i>Альмурзаева Б.К., Кубиева В.А., Салиш С., Сагиева А.Т. «Білім беру сапасы»: негізгі тәсілдер және түсіндірмелер.....</i> | 215 |
| <i>Аюпова З.К., Құсайынов Д.Ө. Дүниетаным қалыптасуындағы дұрыс ойлаудың орны мен мәні жайлы.....</i> | 220 |
| <i>Досжан Р.К. Абай Құнанбаев шығармашылығындағы жастарды тәрбиелеудегі білім және еңбек идеясы.....</i> | 227 |

| | |
|---|-----|
| <i>Егембердиева С.М., Абдраманова Г.Қ., Есмағұлова Н.Д.</i> Ықпалдасу шарттарындағы Қазақстан мен | |
| Польшаның әлеуметтік-экономикалық мәселелері..... | 231 |
| <i>Жанақова Н.Т.</i> Тың игеру науқаны және қазақ тілінің тағдыры..... | 238 |
| <i>Байбекова М.М., Анарбаев З.З.</i> Қазақстан Республикасындағы психологиялық қызметтің ролі..... | 243 |
| <i>Картаева Т.Е.</i> Шығыр қондырғысы және оның қолданыс аясы..... | 247 |
| <i>Көкенова А.Т., Ағмасова Г.С.</i> Әлеуметтік қорғау модельдерінің дамуындағы негізгі тенденциялар..... | 255 |
| <i>Нахытбекова Э.И.</i> Ағылшын тілі пәнін өту барысындағы жобалап оқыту әдісін қолданудың өзектілігі..... | 260 |
| <i>Ералин Қ., Қожамқұлова Б., Исаева Н.</i> Қыш өңдеу шебері Абай Рысбековтың этнодизайндық шығармашылығы..... | 263 |
| <i>Тебегенов Т.С.</i> Жүсіпбек Аймауытов пьесаларындағы әлеуметтік қайшылық шындығы..... | 266 |
| <i>Шамахова А.</i> Өмір шындығын бейнелеудегі көркемдік уақыт пен көркемдік қиял | |
| (Шыңғыс Айтматовтың «Жан пίδα» романы бойынша)..... | 274 |
| <i>Көкенова А.Т., Ағмасова Г.С.</i> Инновациялық әлеуметті бағалаудың әдістемелік негіздері..... | 279 |
| <i>Тастанбекова К.Н., Шамұратова Н.Б., Бабажанова Ж.А., Төреқұлова Д.М., Жұманова Б.К.</i> Халықтың келейлік деңгейін қысқарту үшін бюджеттен бөлінген қаражатты жоспарлау мен игеру..... | 286 |
| <i>Ералин Қ., Қожамқұлова Б., Дәулет Г.</i> Зергер Қалмырза Тасовтың этнодизайндық шығармашылығындағы ұлттық дәстүрдің жалғастығы..... | 295 |
| <i>Тебегенов Т.С.</i> Жүсіпбек Аймауытовтың драматургиясы: классикалық дәстүр және суреткерлік дүниетаным сипаты..... | 300 |
| <i>Шамахова А.</i> Роман арқауындағы тарихи кезең шындығы (Шыңғыс Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» романы бойынша)..... | 305 |
| <i>Смағұлова Г.Н.</i> Құндылықтар әлеміндегі «сұлулық» концептісі..... | 311 |
| <i>Ауелгазина Т.К.</i> Мәңгілік ел идеясы – Қазақстандық патриотизмнің түпқазығы..... | 317 |
| <i>Шойбекова Ғ.Б.</i> Дыбыстар сәйкестігінің лексикалық құрамды толықтырудағы ролі..... | 321 |
| <i>Қабдылқызы А., Бұғыбаева Ж.</i> Туынды топонимдердің нөлдік жұрнақ арқылы жасалуы..... | 325 |

СОДЕРЖАНИЕ

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ИСТОРИИ

| | |
|--|----|
| <i>Дербисали А.Б.</i> Наши реликвии из Марокко и Испании..... | 5 |
| <i>Камалов А.К.</i> Миссия в Советскую Азию: вице-президент США Генри Уоллес в Сибири, Узбекистане и Казахстане (1944 г.)..... | 17 |
| <i>Каримова Р.У.</i> Производство тканей в Восточном Туркестане: преемственность традиций..... | 22 |
| <i>Сугралинов М.М.</i> Хазарейцы Афганистана..... | 28 |

ВОСТОЧНЫЕ ИСТОЧНИКИ И ИСТОРИОГРАФИЯ

| | |
|--|----|
| <i>Сагандыкова Н.Ж.</i> Ахмед Йугнеки (Югнеки)..... | 38 |
| <i>Тохтабаева Ш.Ж.</i> Творческое дыхание далеких эпох..... | 47 |
| <i>Батырхан Б.Ш., Токтарбекова Л.Н.</i> Мудрые изречения Фирдоуси в поэме «Шахнаме»..... | 56 |
| <i>Ошан Ж.</i> О сохранившемся древнеисторическом документе..... | 60 |
| <i>Камбарбекова Г.А.</i> «Иншай Тахир Вахид» – как источник по истории Казахстана и Центральной Азии..... | 67 |
| <i>Молотова Э.М.</i> Сведения из исторических сочинений о Бурхан ад-дин Киличе..... | 76 |
| <i>Каримова З.К.</i> Казахско-дзунгарские взаимоотношения в XVIII веке в историческом сочинении «Ислам-наме» Моллы Абд аль-Алма..... | 79 |

ЯЗЫКОЗНАНИЕ И ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

| | |
|---|-----|
| <i>Молотова Г.М.</i> Индо-арабо-иранское влияние на уйгурский фольклор..... | 85 |
| <i>Юсупов Р.К.</i> Литературная среда Восточного Туркестана начала XX века..... | 90 |
| <i>Дюсенов Б.Д.</i> Этнолингвистическая характеристика терминов о человеке в словаре «Китаб ад-Дурра...»..... | 94 |
| <i>Масимова Х.В.</i> Категория залога, времени и степени в письменных памятниках..... | 99 |
| <i>Баратова Ш.Б.</i> Особенности развития рифмы в современной казахской и уйгурской поэзии..... | 106 |

СОВРЕМЕННАЯ ВОСТОКОВЕДНАЯ МЫСЛЬ

| | |
|--|-----|
| <i>Джалилов З.Г.</i> Хариджизм: к истории генезиса и развития радикального исламизма..... | 111 |
| <i>Мансурова А.С.</i> Религиозная толерантность и религиозный диалог в условиях глоболизирующей реальности..... | 117 |
| <i>Байдаров Е.У.</i> Роль узбекской этнической группы в этносоциальном и этноконфессиональном разрезе казахстанского общества..... | 126 |
| <i>Дуйсен Г.М.</i> Перспективы сотрудничества в индустрии туризма и рекреации Центральной Азии и Индии: условия и ресурсы..... | 135 |
| <i>Шаймарданова Н.Ж.</i> Ретроспектива японо-корейских отношений в контексте существующих разногласий и противоречий..... | 142 |
| <i>Руденко Е.И.</i> Глобальная южно-азиатская диаспора: формирование, классификация, значение..... | 147 |
| <i>Хаджиева Г.У.</i> Теоретические аспекты исследования социально-экономической модернизации развивающихся стран..... | 155 |
| <i>Мадалиева Ж.К.</i> Мифология в исторической динамике культуры..... | 162 |

ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

| | |
|--|-----|
| <i>Муратбекова А.М.</i> Территориальный спор в китайско-индийских отношениях..... | 169 |
| <i>Конырбай А.Р.</i> Формирование Нового Шелкового Пути: экономический потенциал и перспективы для Казахстана..... | 176 |
| <i>Батенова А.Ж.</i> Политическая модернизация Японии (1797–1912 гг.)..... | 186 |
| <i>Мукатова А.М.</i> Примордиалистский подход в изучении концепта идентичности: историографический аспект..... | 192 |
| <i>Аубакир А.</i> Некоторые аспекты этносемантики в древнетюркской традиции..... | 196 |

* * *

| | |
|--|-----|
| <i>Сапарбаев Б.А., Кокенова А.Т., Абилкасым А.Б.</i> Государственная поддержка инновационной деятельности как фактор роста эффективности национальной экономики в условиях глобализации..... | 203 |
| <i>Абикаева М.</i> Перспективы развития энергетики и потенциал энергосбережения в Республике Казахстан..... | 207 |
| <i>Алауханов Е.О.</i> Пути развития отечественной криминологии. Достижения и проблемы..... | 211 |
| <i>Альмурзаева Б.К., Кубиева В.А., Салиш С., Сагиева А.Т.</i> «Качество образования»: основные подходы и трактовки..... | 215 |
| <i>Аюпова З.К., Кусаинов Д.У.</i> О месте и роли здравого смысла в становлении мировоззрения..... | 220 |
| <i>Досжан Р.К.</i> Идеи знания и труда в творчестве Абая Кунанбаева в воспитании молодежи..... | 227 |
| <i>Егембердиева С.М., Абдраманова Г.К., Есмагулова Н.Д.</i> Социально-экономические проблемы Казахстана и Польши в условиях интеграции..... | 231 |

| | |
|---|-----|
| <i>Жанакова Н.Т.</i> Освоение целины и судьба казахского языка..... | 238 |
| <i>Байбекова М.М., Анарбаев З.З.</i> Роль психологической службы в Республике Казахстан..... | 243 |
| <i>Картаева Т.Е.</i> Чигирь – водоподъемное устройство и его объект использования..... | 247 |
| <i>Кокенова А.Т., Агмасова Г.С.</i> Основные направления развития моделей социальной защиты..... | 254 |
| <i>Нахытбекова Э.И.</i> Актуальность использования проектных методов обучения на уроках английского языка..... | 260 |
| <i>Ералин К., Кожамкулова Б., Исаева Н.</i> Этнодизайнерское творчество мастера по керамике Абая Рысбекова..... | 163 |
| <i>Тебегенов Т.С.</i> Социальные противоречия в пьесах Жусипбека Аймауытова..... | 266 |
| <i>Шамахова А.</i> Жизненная правда на примерах красочного изображения времени и фантазий (по роману Чингиза Айтматова «Плаха»)..... | 274 |
| <i>Кокенова А.Т., Агмасова Г.С.</i> Методические основы оценки инновационного потенциала..... | 279 |
| <i>Тастанбекова К.Н., Шамуратова Н.Б., Бабажанова Ж.А., Турекулова Д.М., Жуманова Б.К.</i> Планирование и освоение бюджетных средств, выделенных на сокращение уровня бедности населения..... | 286 |
| <i>Ералин К., Кожамкулова Б., Даулет Г.</i> Приемственность национальных традиций в этнодизайнерском творчестве ювелира Калмырзы Тасова..... | 295 |
| <i>Тебегенов Т.С.</i> Драматургия Жусипбека Аймауытова: классические традиции и художественное мировоззрение..... | 300 |
| <i>Шамахова А.</i> Историческая правда в сюжете романа (по роману Чингиза Айтматова «И дольше века длится день»)..... | 305 |
| <i>Смагулова Г.Н.</i> Особенности фразеологической репрезентации концепта «красота» в казахском языке..... | 311 |
| <i>Ауелгазина Т.К.</i> Идея Мәңгілік ел – как основа казахстанского патриотизма..... | 317 |
| <i>Шойбекова Г.Б.</i> Роль чередования звуков в пополнении лексического состава..... | 321 |
| <i>Кабдылқызы А., Бугыбаева Ж.</i> Образование производных топонимов с помощью нулевого аффикса..... | 325 |

CONTENTS

TOPICAL ISSUES OF HISTORY

| | |
|---|----|
| <i>Derbisali Abdsattar</i> . Our relics from Morocco and Spain..... | 5 |
| <i>Kamalov A.K.</i> Mission to the Soviet Asia: the Vice President of the United States Henry Wallace in Siberia, Uzbekistan and Kazakhstan (1944)..... | 17 |
| <i>Karimova Risalat</i> . Production of fabrics in the East Turkestan: the continuity of traditions..... | 22 |
| <i>Sugralinov Marlen</i> . Hazaras of Afghanistan..... | 28 |

EAST SOURCE STUDY

| | |
|--|----|
| <i>Sagandykova Nagima</i> . Ahmed Yugneki (Yugneki)..... | 38 |
| <i>Tokhtabayeva Shayzada</i> . Creative breath of far eras..... | 47 |
| <i>Batyrkhan B.Sh., Toktarbekova Laura</i> . The Wise Sayings of Firdausi in «Shahname» Poem..... | 56 |
| <i>Oshan Zhanimkhan</i> . About the remained drevneistoricheskyy document..... | 60 |
| <i>Kambarbekova Gallia</i> . «Insha Tahir Waheed» – as a source on the history of Kazakhstan and Central Asia..... | 67 |
| <i>Molotova Elvira</i> . Data from historical compositions about Burkhan a hell dynes Kilich..... | 76 |
| <i>Karimova Zulfiyam</i> . Kazakh джунгарские relationship in the XVIII century in historical composition of "Islam-name" Malls Abd al-Alma..... | 79 |

LINGUISTICS AND LITERARY CRITICISM

| | |
|--|-----|
| <i>Molotova Gulbahrem</i> . Indo-Arab-Iranian influence on the Uigur folklore..... | 85 |
| <i>Yusupov Rakhimzhan</i> . Literary environment of Eastern Turkistan in the beginning of the XX century..... | 90 |
| <i>Dyusenov Bagdat</i> . Etnolingvisticheskaya the characteristic of terms about the person in the dictionary "Kitab ad-Durra..."..... | 94 |
| <i>Masimova Halminam</i> . Category of mortgage, to time and degree in writing monuments..... | 99 |
| <i>Baratova Shairyam</i> . Features of development of a rhyme in modern Kazakh and Uigur poetry..... | 106 |

THE MODERN EAST THOUGHT

| | |
|--|-----|
| <i>Jalilov Zaur</i> . Haridzhizm: the history of genesis and development of radical islamizm..... | 111 |
| <i>Mansurova Asseli</i> . Religious tolerance and religious dialogue in the conditions of the globalizing reality..... | 117 |
| <i>Baydarov Erkin</i> . The role of the Uzbek ethnic group in the ethno-social and ethno-confessional context of Kazakhstan's society..... | 123 |
| <i>Duisen M. Galymzhan</i> . Prospects for Cooperation in the Travel and Tourism Industry of Central Asia and India: Conditions and Resources..... | 135 |
| <i>Shaimardanova Nazigul</i> . Retrospective of Japanese-Korean Relations in the Context of Differences and Contradictions..... | 142 |
| <i>Yelena I. Rudenko</i> . Worldwide South Asian Diaspora: Emergence, Classification, Significance..... | 147 |
| <i>Khadzhiyeva Gulzhahan</i> . Theoretical aspects of research on socio-economic modernization of developing countries..... | 155 |
| <i>Madaliyeva Zhanyl</i> . Mythology in historical dynamics of culture..... | 162 |

YOUNG SCHOLARS RESEARCHES

| | |
|---|-----|
| <i>Muratbekova Albina</i> . Territorial disputes in the China-India relations..... | 169 |
| <i>Adilet R. Konirbay</i> . The formation of New Silk Road: economic potential and perspectives for Kazakhstan..... | 176 |
| <i>Batenova Alua</i> . Political modernization of Japan (1797–1912)..... | 186 |
| <i>Mukatova Aliya</i> . Primordial approach to the study of the concept of identity: historiographical aspect..... | 192 |
| <i>Armand Aubaquir</i> . Some aspects of ethnosemantics in drevnetyurksky tradition..... | 196 |

* * *

| | |
|---|-----|
| <i>Saparbaev B.A., Kokenova A.T., Abilkasym A.B.</i> State support of innovative activity – as factor of growth of efficiency of national economy in the conditions of globalization..... | 203 |
| <i>Abikayeva M.</i> Prospects of development of energy and potential of energy-savings in Republic of Kazakhstan..... | 207 |
| <i>Alaukhanov E.O.</i> The way of development of criminology. Achievements and challenges..... | 211 |
| <i>Almurzayeva B.K., Kubiyeva V.A., Salish S., Sagiyeva A.T.</i> «Quality of education»: basic approaches and interpretations..... | 215 |
| <i>Ayupova Z.K., Kussainov D.U.</i> About the place and role of the common sense in the formation of outlook..... | 220 |
| <i>Doszhan R.K.</i> The ideas of knowledge and work for youth education in the oeuvre of Abay Kunanbaev..... | 227 |
| <i>Yegemberdieva S.M., Abdramanova G.K., Yesmagulova N.D.</i> Social and economic problems of Kazakhstan and Poland in integration conditions..... | 231 |
| <i>Zhanakova N.T.</i> Mastering of virgin soil and fate of Kazakh..... | 238 |

| | |
|--|-----|
| <i>Baybekova M.M., Anarbayev Z.Z.</i> A role of psychological service in the Republic of Kazakhstan..... | 243 |
| <i>Kartayeva T.Ye.</i> Chyhir – water-lifting device and its use of the object..... | 247 |
| <i>Kokenova A.T., Agmasova G.S.</i> Main directions of development of models of social protection..... | 254 |
| <i>Nakhypbekova E.</i> Relevance of using project methods at the English lessons..... | 260 |
| <i>Yeralin K., Kozhamkulova B., Isaeva N.</i> Ethnodesigner art of ceramic master Abai Rysbekov..... | 263 |
| <i>Tebegeenov T.S.</i> Social contradictions in the plays of Zhusipbek Aymaulytov..... | 266 |
| <i>Shamakhova A.</i> A true example of colorful images and fantasies (based on the novel of Chingiz Aitmatov "Block")..... | 274 |
| <i>Kokenova A.T., Agmasova G.S.</i> Methodical bases of the assessment of innovative potential..... | 279 |
| <i>Tastanbekova K.N., Shamuratova N.B., Babazhanova Zh.A., Turekulova D.M., Zhumanova B.K.</i> Planning and mastering of budgetary funds allocated on reduction of poverty level of the population..... | 286 |
| <i>Yeralin K., Kozhamkulova B., Daulet G.</i> Succession of national traditions in the ethnodesign art of jeweler Kalmyrza Tasov..... | 295 |
| <i>Tebegeenov T.S.</i> Dramaturgy of Zhusipbek Fymaulytov: classic traditions and artistic outlook..... | 300 |
| <i>Shamakhova A.</i> Historical truth in the plot of the novel (based on the novel by Chingiz Aitmatov "Day lasts more than a hundred")..... | 305 |
| <i>Smagulova G.N.</i> Features frazeologičeskoj representation of the concept of "beauty" in Kazakh language..... | 311 |
| <i>Auelgazina T.K.</i> the idea of the eternal people - as the basis of the Kazakhstan patriotism..... | 317 |
| <i>Shoibekova G.</i> The role of changing voices in enlarge of lexical composition..... | 321 |
| <i>Kabdylkzy A., Bugybaikyzy Zh.</i> The formation of derivative toponyms by using zero affixation..... | 325 |

**PUBLICATION ETHICS AND PUBLICATION MALPRACTICE
IN THE JOURNALS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

social-human.kz

Редактор *М. С. Ахметова*

Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 04.02.2015.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.

21 п.л. Тираж 2000. Заказ 1.